

«БЕКІТЕМІН»
Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту бірінші вице-министрі
Ш.Каринова
2022 жылғы « 31 » тамыз

**«Қазақстан Республикасы колледждерінің үздік 100 студенті»
республикалық конкурсының
ЕРЕЖЕСІ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Ереже «Қазақстан Республикасы колледждерінің үздік 100 студенті» республикалық конкурсының (бұдан әрі - Конкурс) мақсаттарын, күтілетін нәтижелерін, қатысушылар санатын, ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2 Конкурс техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру (бұдан әрі – ТЖКБ) ұйымдарының 100 үздік студенттерін тануға бағытталған.

1.3 Конкурс «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығы негізінде өткізіледі.

1.4 Конкурс жыл сайын ұйымдастырылады және өткізіледі.

1.5 Конкурстың мазмұны мен тәртібі тәуекел элементтерін қамтымайды, пайда немесе өзге де кіріс алу мақсатын көздемейді, тек ақпараттық сипатта және осы Конкурс Ережесіне сәйкес өткізіледі.

**2. КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН
КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ**

2.1 Конкурс талантты жастарды қолдау, жұмысшы біліктіліктерін және білім, дағды мен дарын арқасында жетістікке жеткен ТЖКБ ұйымдарының үздік студенттерін қолдау мақсатында өткізіледі.

2.2 Конкурс міндеттері:

- ТЖКБ ұйымдарының үздік студенттерін анықтау, марапаттау және көтермелеу;

- ТЖКБ ұйымдары білім алушыларының кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруға және көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруға ынталандыру;

- жеке және кәсіби өсудің тиісті бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарды тарта отырып, шеберлік-сыныптар, тренингтер және курстар ұйымдастыру арқылы үздік студенттерді одан әрі дамыту үшін мүмкіндік жасау.

2.3 Күтілетін нәтижелер:

- әлеуетті жұмысқа орналастыру мақсатында кадр резерві ретінде жұмыс берушілерге ұсыныс беру үшін колледждердің үздік студенттерінің деректер қорын құру;
- «TVET AWARDS» рәсімінде 100 үздік студентті ресми марапаттауды ұйымдастыру және өткізу;
- студенттердің одан әрі дамыту үшін шеберлік-сыныптар, тренингтер мен жеке және кәсіби өсу курстарынан өту;
- БАҚ, әлеуметтік желілер мен Интернет-ресурстарда үздік студенттердің жетістіктері туралы материалдар жариялау.

3. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

3.1 Конкурса Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың ТЖКБ ұйымдарында білім алатын студенттер қатысады:

- қоғамдық бірлестіктердің, студенттік өзін-өзі басқару және еріктілер қозғалысы ұйымдарының мүшелері;
- аймақтық, ұлттық және халықаралық WorldSkills чемпионаттарының және басқа да кәсіби шеберлік конкурстарының қатысушылары мен жеңімпаздары;
- ғылыми конференциялардың қатысушылары мен олимпиадалардың, түрлі конкурстардың, спорттық жарыстардың жеңімпаздары;
- мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру шеңберінде жұмыс істейтін бағдарламалар мен қызмет бағыттарына қатысушылар;
- шығармашылық ұжымдардың өкілдері;
- жобалар, инновациялық идеялар, стартап-жобалар авторлары.

3.2 Соңғы үш жылдағы Конкурстардың жеңімпаздары жобаға қайта қатысуға құқылы емес.

4. КОНКУРСТЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

4.1 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі және аймақтардың жергілікті орындаушы органдары Конкурсты ұйымдастырушысы болып табылады.

4.2 Конкурсты ұйымдастыру, үйлестіру және өткізу бойынша жұмыстарды «Талар» КЕАҚ (бұдан әрі – Оператор) жүзеге асырады.

4.3 Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың білім басқармалары (бұдан әрі – Бірлесіп ұйымдастырушы) Конкурстың республикалық кезеңіне кандидатураларды іріктеуді көздейтін аймақтық деңгейдегі Конкурсты ұйымдастыруға және өткізуге жауапты болып табылады.

4.4 Оператор:

- Конкурс туралы ережені әзірлейді және өзектендіреді;
- Конкурстың республикалық кезеңін ұйымдастырады және өткізеді;
- Конкурстың өткізілуі туралы ақпаратты өзінің ресми интернет-ресурсында, әлеуметтік желілерде орналастырады;

- түрлі стейкхолдерлерді тарта отырып, Конкурс жеңімпаздарын марапаттау рәсімін ұйымдастырады және өткізеді.

5. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1 Конкурс онлайн тіркелуге және қатысуға өтінім беруге арналған платформа орналасқан TOP 100 OUTSTANDING KZ TVET STUDENTS Интернет-ресурсында, онлайн режимде күнтізбелік жылдың қыркүйегінен қарашасы аралығында өткізіледі.

5.2 Бірлесіп ұйымдастырушылар күнтізбелік жылдың қыркүйек айында Конкурстың республикалық кезеңіне қатысатын 10 (он) жеңімпаз студентті анықтау үшін Конкурстың аймақтық кезеңін өткізеді.

5.3 Бірлесіп ұйымдастырушылар күнтізбелік жылдың 10 қазанына дейін top100@tvvet.kz электрондық мекенжайға Конкурстың аймақтық кезеңінің жеңімпаздары тізімін жолдайды. Өңірлік кезең жеңімпаздарынан өтінімдерді қабылдау онлайн режимде күнтізбелік жылдың 11-31 қазаны аралығында Оператордың платформасында өтеді.

5.4 Үміткерлер Конкурстың финалдық кезеңіне қатысу үшін өтінімге келесі файлдарды қоса тіркейді:

- 1) Конкурсқа қатысуға уәждемелік хат (350 сөзден артық емес);
- 2) қатысушы өзін болашақ маман ретінде таныстыратын және өзінің белсенді қоғамдық қызметін жариялайтын бейнеролик (2 минуттан аспауы тиіс, [Youtube.com/Aitube.kz](https://www.youtube.com/Aitube.kz) бейне-хостинг сервистерінде орналастырылған бейнероликке сілтеме жасау);
- 3) білім алып жатқан мамандығы бойынша аймақты/республиканы дамытуға арналған өзінің жобасымен таныстыру (презентация 7 слайдтан артық болмауы тиіс);

5.5 Конкурсты ресімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін материалдар Оператормен қабылданбайды. Конкурсқа қатысушылар жолдаған материалдарының мазмұны мен ресімделуіне жауапты.

5.6 Күнтізбелік жылдың қараша айының 1-15 Конкурс платформасында онлайн-дауыс беру өткізіледі. Байқау жеңімпаздары онлайн-дауыс беру қорытындысы бойынша анықталады.

5.7 Конкурс жеңімпаздары туралы ақпарат Оператордың ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

5.8 Конкурс жеңімпаздарын марапаттау «TVET AWARDS» ресми рәсімінде ұйымдастырылады және өткізіледі, оның аясында студенттерге мастер-класстар, тренингтер мен жеке және кәсіби өсу курстарынан өтуі қамтамасыз етіледі.

5.9 Оператор және Ұйымдастырушылар Конкурс барысын кеңінен жариялауды қамтамасыз етеді, Конкурсқа қатысушылар мен жеңімпаздар туралы ақпаратты БАҚ-та, әлеуметтік желілерде және Интернет-ресурстарда жариялайды.

«УТВЕРЖДАЮ»

**Первый вице-министр
просвещения
Республики Казахстан**


Ш.Каринова
«31» августа 2022г.

**ПОЛОЖЕНИЕ
республиканского конкурса
«ТОП 100 студентов колледжей Республики Казахстан»**

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1 Настоящее Положение определяет цели, ожидаемые результаты, категорию участников, порядок организации и проведения республиканского конкурса «ТОП 100 студентов колледжей Республики Казахстан» (далее - Конкурс).

1.2 Конкурс ориентирован на признание 100 лучших студентов организаций технического и профессионального, послесреднего образования (далее - ТиППО).

1.3 Конкурс проводится на основании Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 7 декабря 2011 года № 514 «Об утверждении Перечня республиканских и международных олимпиад и конкурсов научных проектов (научных соревнований) по общеобразовательным предметам, конкурсов исполнителей, конкурсов профессионального мастерства и спортивных соревнований».

1.4 Конкурс организуется и проводится ежегодно.

1.5 Содержание и процедуры Конкурса не содержат элементов риска, не преследуют цели получения прибыли либо иного дохода, носит исключительно информационный характер и проводится в соответствии с настоящим Положением Конкурса.

2. ЦЕЛЬ, ЗАДАЧИ И ОЖИДАЕМЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ КОНКУРСА

2.1 Конкурс проводится с целью поддержки талантливой молодежи, популяризации рабочих квалификаций и лучших студентов организаций ТиППО, достигших успеха благодаря знаниям, навыкам и таланту.

2.2 Задачи Конкурса:

– определение, поощрение и продвижение лучших студентов организаций ТиППО;

– стимулирование обучающихся организаций ТиППО к повышению уровня профессиональной компетентности и формированию лидерских качеств;

– создание возможности для дальнейшего развития лучших студентов посредством организации мастер-классов, тренингов и курсов с привлечением организаций, реализующих соответствующие программы личностного и профессионального роста.

2.3 Ожидаемые результаты:

– создание базы данных лучших студентов колледжей для рекомендации работодателям в качестве кадрового резерва с целью потенциального трудоустройства;

– организация и проведение официального награждения ТОП 100 лучших студентов на церемонии «TVET AWARDS»;

– прохождение студентами мастер-классов, тренингов и курсов личностного и профессионального роста для дальнейшего развития;

– публикация материалов о достижениях лучших студентов в СМИ, социальных сетях и Интернет-ресурсах.

3. УЧАСТНИКИ КОНКУРСА

3.1 В Конкурсе принимают участие студенты, обучающиеся в организациях ТиППО городов Нур-Султан, Алматы, Шымкент и областей:

– члены общественных объединений, организаций студенческого самоуправления и волонтерского движения;

– участники и победители регионального, национального и международного чемпионатов WorldSkills и других конкурсов профессионального мастерства;

– участники научных конференций и победители олимпиад, различных конкурсов, спортивных соревнований;

– участники программ и направлений деятельности, функционирующих в рамках реализации государственной молодежной политики;

– представители творческих коллективов;

– авторы проектов, инновационных идей, стартап-проектов.

3.2 Победители Конкурсов последних трех лет не имеют право участвовать повторно.

4. ОРГАНИЗАЦИОННАЯ СТРУКТУРА КОНКУРСА

4.1 Организатором Конкурса является Министерство просвещения Республики Казахстан и местные исполнительные органы регионов.

4.2 Работу по организации, координации и проведению Конкурса осуществляет НАО «Talar» (далее – Оператор).

4.3 Управления образования гг. Нур-Султана, Алматы, Шымкент и областей (далее – Соорганизатор) являются ответственными за организацию и проведение Конкурса на региональном уровне, предусматривающего отбор кандидатур для республиканского этапа.

4.4 Оператор:

- разрабатывает и актуализирует Положение о Конкурсе;
- организует и проводит республиканский этап Конкурса;
- размещает информацию о проведении Конкурса на своем официальном интернет - ресурсе, в социальных сетях;
- организует и проводит церемонию награждения победителей с привлечением различных стейкхолдеров Конкурса.

5. ПОРЯДОК ПРОВЕДЕНИЯ КОНКУРСА

5.1 Конкурс проводится в онлайн-режиме с сентября по ноябрь календарного года на Интернет-ресурсе «TOP 100 OUTSTANDING KZ TVET STUDENTS», где размещена платформа для онлайн-регистрации и подачи заявок на участие в Конкурсе.

5.2 В сентябре календарного года Соорганизаторы проводят региональный этап Конкурса для выявления не более 10 (десяти) студентов – победителей для участия на республиканском этапе Конкурса.

5.3 До 10 октября календарного года Соорганизаторы направляют список победителей регионального этапа Конкурса на электронный адрес top100@tvvet.kz. Прием заявок от победителей регионального этапа проходит в онлайн режиме с 11 по 31 октября календарного года, на платформе Оператора.

5.4 К заявке, для участия в финальном этапе Конкурса, кандидаты прикрепляют следующие файлы:

- 1) мотивационное письмо на участие в Конкурсе (не более 350 слов);
- 2) видеоролик, где участник презентует себя как будущего специалиста и освещает свою активную общественную деятельность (не более 2 минут, с ссылкой на видеоролик размещенный на сервисах видео-хостинга [Youtube.com/Aitube.kz](https://www.youtube.com/Aitube.kz));
- 3) презентацию собственного проекта по своей специальности для развития региона/республики (не более 7 слайдов);

5.5 Материалы, несоответствующие требованиям к оформлению Конкурса, будут отклонены Оператором. Конкурсанты несут ответственность за содержание и оформление предоставленных материалов.

5.6 С 1 до 15 ноября календарного года проводится онлайн-голосование на платформе Конкурса. Победители Конкурса выявляются по итогам онлайн-голосования.

5.7 Информация о победителях Конкурса размещается на официальном интернет-ресурсе Оператора.

5.8 Награждение победителей Конкурса организуется и проводится на официальной церемонии «TVET AWARDS», в рамках которого обеспечивается прохождение студентами мастер-классов, тренингов и курсов личностного и профессионального роста.

5.9 Оператор и Соорганизаторы обеспечивают широкое освещение хода Конкурса, публикуют информацию об участниках и победителях Конкурса в СМИ, социальных сетях и Интернет-ресурсах.